

*«Қазақ мұнайының ардақтылары» атты өмірбаян сериясы Қазақстан Республикасы экономикасының кіндігі болып, бар саласына нәр беріп, әлемдегі мұнайлы елдердің қатарына қосылуына ерен еңбек сіңірген мұнайшы – ардагерлерімізге, олардың тәуелсіз еліміздің тарихында сақталатын өшпес есімдеріне арналған.*

**«Мұнайшы» қоғамдық қоры**

**ҚАЗАҚ  
МҰНАЙЫНЫҢ  
АРДАҚТЫЛАРЫ**

**ӨМІРБАЯН СЕРИЯСЫ**

Басталуы - 2006 жыл



Жоламан Айдарбаев

ҒАЗИЗ ӘБДІРАЗАҚОВ  
ТӨРЕҒАЛИ ҚАДЫРОВ  
СҮЙЕГЕН САЛМАНОВ



Алматы 2009

УДК 665.6/.7  
ББК 26.343.1  
А-31

**Айдарбаев Ж.**

А-00 Ғазиз Әбдіразақов. Төреғали Қадыров. Сүйеген Салманов. Алматы  
«Мұнайшы» қоғамдық қоры,  
2009. - 360 бет. Қазақ мұнайының ардақтылары. Өмірбаян сериясы.

**ISBN 9965-816-29-8**

Бұл кітапқа Маңғыстау өңірінің әйгілі бұрғылау шеберлері – Ғазиз Әбдіразақов, Төреғали Қадыров, Сүйеген Салмановтардың өнегелі өмірі, іс-тәжірибелері арқау болған. Түбіжік, Ақшымырау, Өзен, Жетібай, Тасболат, Ақтас, Теңге және Қансу кен орындары осы әйгілі үш бұрғылау шеберлерінің қолдарымен қазылған. Бұрынғы Кеңестер Одағының, Қазақстанның ең жоғарғы марапаттарына ие болған бұл үш еңбек майталманының ғибратты ғұмыры келешек ұрпаққа үлгі боларлық.

**УДК 665.6/.7  
ББК 26.343.1**

А 1804060200  
00 (05) 09

ISBN 9965-816-29-8

© «Мұнайшы» қоғамдық қоры, 2009

# Маңғыстаудың бұрғышы батырлары

*(алғы сөз орнына)*

Маңғыстаудың мұнай байлықтарының көздері ашылып, олардың игеріле бастаған өткен ғасырдың 60-70 жылдарында аттары бүкіл Қазақстанға одан өте сол кездегі Кеңестер одағының кеңістігіне белгілі болған үш бұрғышы шеберлердің (мастерлердің) аттары сол кезде жер жарып тұрушы еді. Олар Төреғали Қадыров, Ғазиз Әбдіразақов және Сүйеген Салмановтар болатын.

Бұл үшеуінің бірі Сүйеген Салмановпен таныстығым тек газет пен радио хабарлары арқылы болды. Сол жылдарда ол Жетібай мұнай-газ барлау экспедициясының алдыңғы қатардағы бұрғышы шебері ретінде аты шығып газет беттерінен түспей, радио хабарларының күнделікті кейіпкері болатын десек артық айтқандық болмас. Кеңестер одағының жоғарғы кеңесіне депутат етіп сайлағанмыз әлі есімізде. Сол жоғарғы кеңеске барлаушы бұрғышы шеберінің сайланып жатқаны мен үшін, әрине сол уақыттарда өзім барлаушы геолог болғандықтан, жоғары қуанышты сезімдермен ұштасып жатты. Артынан Сүйегеннің өмір жолынан газет беттеріндегі ақпараттар арқылы хабардар болып жүрдік. Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты болғанын да қуанышты сезімдермен қарсы алдық. Міне, биыл 70-ке толып, ме-

рей жастық белеске келіп отырған сондай азамат ардагер мұнайшы ретінде «Мұнайшы» қоғамдық қорының санатында өзінің тиісті орнын иеленіп отыр. «Мұнайшы» қоғамдық қорының 2005 жылы шығарған Қазақстанның мұнай энциклопедиясында Жетібай мұнай-газ барлау экспедициясы бітірген барлау жұмыстарымен бірге Сүйеген Салмановтың еңбек жолдары дұрыс бағаланып көрсетілген.

1962 жылдың жазғы маусым-тамыз айларында, құдай айдап дегендей, дипломдық практикадан өтуге Өзен мұнай-газ барлау экспедициясында болуға тура келді. 1961 жылдың желтоқсан айында 1-скважинадан мұнай фонтаны алынып, сеймиканың материалдарымен сызылған структуралық карталардың негізінде Өзенде өте үлкен кенорны жатқаны белгілі болып, оның мұнай қорының мөлшерін анықтау үшін 1962 жылдың наурыз айында Өзен мұнай-газ барлау экспедициясы құрылған екен. Сол экспедицияға диплом қорғауға материал жинауға ниеттенген бірінші студент-практикант болып келіп едім. Менің келуімді сол экспедицияның бас геологы Халила Махамбетов пен аға геолог Жарылғасын Дәуітовтар ағалық сезімдермен өте жылы қарсы алып, менің сол экспедициядан көп тәжірибе жинап, институтта алған аздаған біліміме көптеген практикалық негіздемелер қосып жіберді. Кабинетте, қастарынан алысқа жібермей- ақ мұнайлы қабаттардың структуралық карталарын, қималарын жасауды, жаңадан бастап қазылатын скважиналардың құрылымдарын, олардың алдына қойылатын мақсаттарын анықтау сияқты инженер-геологтардың негізгі бітіретін жұмыстарын орындауды үйретіп, мен сияқты жас студент-практикантқа керекті тәжірибелер бере білді. Ол екеуі тек кабинеттік жұмыс емес геологқа қазылып жатырған скважинаның басына барып, сонда инженер-геолог қатынасып бітіретін жұмыстарды да атқаруға жеткілікті тәрбиелеген еді.

Әрине сол екі геолог ағаларымыздың сол 2-3 айдың ішінде маған берген ақыл кеңестері, үйреткен геологиялық тәжірибелері менің алдағы өміріме нұсқау болып, институтты бітіріп жас маман ретінде, келесі 1963 жылдың наурыз айында сол экспедицияға келіп ешқандай сынақтан өту кезеңсіз инженер-геолог болып қызмет етіп кетуіме көптен көп көмегін тигізді.

Қазылып жатырған скважинаға барғанда инженер-геологтың негізгі шаруалары тереңдіктегі мұнай қабаттарынан шығарылатын үлгілерді алып - зерттеп, олардың геологиялық қасиеттерін анықтап қағазға түсіру, скважинада каротаж жүргізуді ұйымдастыру, скважинаға соңғы пайдалану трубаларын түсіріп тампонаждауға қатысу сияқты жұмыстар болып табылады. Мұнай жаңадан ашылып, кенорнының геологиялық құрылымдарын зерттеп және де оның қорын анықтап шығу үшін барлау скважиналарын бұрғылау кезеңдерінде геолог пен бұрғышы шеберлері бірлесіп, кәсіби түсіністікпен жұмыс істемесе скважиналардың алдына қойылған мақсат мүдделері толығымен шешілмей қалары анық. Міне, осындай іс-шараларды практикант кезімде, артынан институт бітіріп келген жас маман ретіндегі жұмыс бабында скважиналарды бұрғылаушы шеберлермен қоян қолтық араласа жүріп жүзеге асыруға тура келді. Сондай скважина басындағы жұмыстарда өз ара түсіністікпен, бір-бірімізге деген аға-інілік сыйластықпенен экспедицияның сол кездегі алдыңғы қатардағы бұрғышы шеберлері Төреғали Қадыров пен Ғазиз Әбдіразақов ағаларымыздан үйрене жүріп жұмыс жасасып кеттік.

Қазір біраз жылдар өтсе де Ғазиз ағамызбен кездескен кездерде сол экспедицияда қызмет еткен жылдарымыз көз алдымызға келіп, жылы сезімдермен еске аламыз. Оның өзіндік себептері де бар. Менің сол экспедицияда қатардағы инженер-геолог, артынан аға және бас геолог болып қызмет еткен жылдарымда

Төрәғали мен Ғазиз ағаларымызбен арадағы бір-бірімізге деген сыйластығымыздың дәрежесі өзгерген емес. Жұмыс бабында геолог пен бұрғышы шеберлерінің арасында айтыс тартыстар жиі болып тұрады, тіпті кейде ондай айтыс-тартыстар жоғарғы мекемелердің араласып билік айтуымен шешіліп жататын жағдайлар да болатын. Ол кезде бұрғышы шеберлерінің жұмысы алынған геологиялық нәтижемен емес, қазылған метрдің көлемімен анықталатын. Берілген айлық тапсырманың метр көлемін артығымен орындасаң сол айдағы жалақың да еселенеді. Сол кезде Ресейден, Кавказдан келген бұрғышы шеберлерінің негізгі мақсаттары метр жоспарын артығымен орындап, содан барып еселенген жалақы алу, ал барлау скважиналары геологиялық тапсырыстарды орындады ма, дұрыс нәтижеге жетті ме, оған олардың көп бастары ауырып жатпайды. Міне, осыдан барып геологтар мен бұрғышылардың арасындағы айтыс-тартыстар пайда болады.

Төрәғали мен Ғазиз ағаларымызбен бірге қызмет істеген 15-16 жылдар аумағында ешқандай айтыс-тартыссыз қызмет істедік. Сондықтанда болар ол кісілер менің жүрегімнің түбінде, әрқашан жылы сезімдермен есте қалады. Менің сол барлау жұмыстарында біраз жыл қызмет атқарған кездерімдегі бір аңғарғаным, ол - жергілікті жерден шыққан бұрғышы шеберлер мен ақша қуып келген бұрғышы шеберлер арасындағы айырмашылықтар. Жергілікті жерден шыққан бұрғышы шеберлер, солардың ішінде Төрәғали мен Ғазиздар, еш уақытта метр толтыруды алға қойған емес. Бір мысал келтіре кетейін. Бірде айдың аяғында бірлестіктің бұрғылау жөніндегі орынбасары Шишин Константин Антонович деген бір ұрда жық бастық болатын, сол бірде өндіріс аралаған болып Әбдіразақовтың скважинасына келіп қалады. Не істеп жатырсың деген сұраққа Ғазекен: - забойдағы долото әлі біраз қазуды қажет етеді, бірақ керн алатын тереңдікке келіп қалдық,



қазір инструментті көтеріп долото ауыстырып кернге жіберіміз –дейді. Ал, Шишиннің ойлайтыны тек метр жарысы, тереңдік қуу, оған барлау скважинасының зерттеуге керек деректер беретін керннің керегі шамалы, сондықтан да ол: «инструментті көтерме әрі қарай қаза бер», – дейді де кетеді. Ол кеткен соң Ғазекен бізбен рация арқылы хабарласып, бастықтың керн алмай-ақ қой деген бұйрығын жеткізеді. Сонда Ғазекен маған: -Сайлау-бала, (Ғазекен 1962 жылы бірінші танысқанымыздан бастап қазірге дейін маған Сайлау-бала дейді) Шишин бастық келіп маған керн алмай әрі қарай қаза бер деді, не істеймін, -деді. Ал басқа ана ақша қуып келген бұрғышылардың бірі болса алақайлап керн алуда шаруасы болмай әрі қарай бұрқыратып қаза берген болар еді, себебі ақталатын уәж бар бастық айтты, бітті. Жоқ, бастық айтты екен деп тәртіп бұзатын Ғазекен емес, себебі оның алдына қойған негізгі мақсаты геологтармен барлау скважиналарының алдына қойылатын негізгі мәселелерді бірігіп шешу болатын. Сосын егер кернді алмай кетсе, геологтар алдында ұятты болып қалады, соларды ескере отырып, көзді жұмып әрі қарай қаза бермей, бізбен хабарласып отырғаны да сол Ғазекендердің адамгершілік қасиеттерінің биіктігі, ар-ұят, өзара сыйластық деген адами ұғымдардың өткінші атақтардан, уақытша түсетін 5-10 тиындық пайдадан жоғары екендігін жете түсінгендігі деп білеміз. Бірге қызметтес болып бірнеше жылдай барлау бұрғылауының ауыр жүктерін бірге көтеріп жүрген жылдарда Ғазекеннің көкірегінің соғып, сол кездегі бұрғышы шеберлеріне тән бітірген жұмыстардың нәтижесіне масаттанып, мақтаншақтық танытқанын көрмеппіз. Өзен кенішіндегі көмірсутегінің бірінші фонтаны да осы Ғазекеннің скважинасында болып еді. Бұл 1960 жылдың басында №18 крелиусты скважинасын қазу барысында орын алған апаттық фонтаны екені белгілі. Мейлі, апаттық болса да Өзеннің территориясынан шыққан бірінші көмірсутекті фон-

тан сол болатын. Басқа әупіріммен жүретін бұрғышы болса сол фонтанын айтып, артынан Өзен кенорнының ашылуына алған Ленин орденін алға тартып, өзінің әлеуметтік жағдайын жақсартуға қызметтенген болар еді. Ғазекеннің жуастығы сол қыз мінезділігі ондай қимылдар жасатпады. Бір өзім арласқан уақиғаны айта кетейін. 1968 жылдың басында маған Жаңаөзеннен (ол кезде Новый Узень деп аталатын) үй бөлініп, мен жанұяммен көшетін болып, ал Көне Өзенде (ол кезде Қызылсай осылай аталатын) мен тұрған үйді Әбдіразақовқа беретін болған. Ол кісі маған ол туралы өзінше қуанып айтқан, мен жақсы болыпты деп бірге қуанысқанбыз. Бірақ сол кездегі кейбір бастықтарға тән үрдіспен дәл мен көшерден 2-3 күнбұрын кешке бір пысық (дәл қазір ол пысықтың аты-жөні есімде жоқ) тоқтысын сойып, профсоюз комитетінің төрағасы мен әлеуметтік мәселе жөніндегі орынбасарды қонаққа шақырып, менің үйімді алатын болып екі бастықтың уәдесін алады. Ол хабар Ғазекенге жетіп, мен ертең таңертең көшемін деп жиналып отырған күні кешке Ғазиз ағамыз келіп маған: -Сайлау бала сенің үйіңді маған бермейтін болыпты, осындай бәленшеге береді екен, – деп қинала отырып маған бастықтарға деген өкпесін айтты. Мен ойлана отырып: -Ғазеке, сіз қазір үйіңізге барып 1-2 тең мен сандықтарыңызды біздің үйге кіргізіңіз, сосын таңертең жүгімді тиіп болып кетерде үйдің кілтін өз қолыммен сізге апарып тапсырамын, сосын олар қалай сізді бұл үйден қуып шығар екен, бірге көріп алайық –деп тосын шешім қабылдадық. Әрине, Ғазекен қуана түн ішінде жартылай біздің үстімізге көшіп кірді. Осылай Ғазекен екеуміз әділеттілікті қалпына келтірдік. Ал ана тоқты жеген бастықтар маған кекете отырып, өкпе айтқаны болмаса ешқандай оқыс қимылдарға бара алмады. Міне, Ғазекендердің, сол кездің өзінде жеткілікті абырой - атақтары бола тұра, өзінің жанұясының әлеуметтік жағдайын түзетуге мінезінің биязылығынан ылғи

қағыс қалатын. Сол кішіпейілдіктен талай сыбағалардан айрылып жүрсе де Ғазекендер нысапты ту қылып шүкіршілікпен өмір сүріп келе жатқан жайсаң жандар. Ғазекенмен бірге қызметтес болып жүргенде талай қызықтар болды, талай есте қалатындай уақиғаларды өткіздік. Солардың бірі Асар кенорнында №2 скважинаны бұрғылап жатырғанда болды. Бұрғылау барысында тереңдегі мұнай болуы мүмкін-ау деген қабаттарда сынақ жүргізіледі, оны «Пластоиспытатель» деген инструментпен жүргізіп анықтайды. Ол кезде «Пластоиспытательмен» жұмыс жасау жаңа техника болып саналатын да оны жүргізу бас геологтың жауапкершілігімен өтетін. Сол сынақты өткізіп жатырғанда Асарда мұнай барын анықтап жаңа кенорнын аштық деп бірге қуанғанымыз бар. Мен сол кездегі экспедицияның бас геологы ретінде Асар кенорны үшін, оның қоры одақтық қор (ГКЗ СССР) комиссиясында бекітілген соң Асар кен орнын «Алғаш ашқан» деген дипломның иегері болдым.

Төреғали Қадыров ағамызбен де сол Өзен экспедициясына барған күннен таныспыз. Талай барлау скважиналарында бірге жүргізген геофизикалық жұмыстар, керн алу, тағы басқада бұрғышы мен геологтардың бірігіп өткізетін іс-шараларын бір кісідей түсіністікпен жүргізіп едік. Әсіресе, есте қалатындай уақиға №34 скважинада 1963 жылдың соңғы айы желтоқсанда болып еді. Ол скважина Өзеннің шығыс жағындағы Төңірекшың ойында орналасқан, оны бұрғылаудағы мақсат - кенорнының мұнайлы қабаттарының шығысқа қарай жалғасының шектелетін жерін анықтау еді. Келе жатырған қаңтар айының ішінде Мәскеуде одақтық Министрлер кеңесінің пайдалы қазбалардың қорын бекітетін мемлекеттік кәмәсиясында Өзеннің мұнай қорының мөлшері анықталып бекітілуі тиіс еді, соған осы №34 скважинаның геологиялық материалдары ауадай қажет еді. Осы скважинаны

бұрғылау жұмысын Төкең дұрыс жолға қою арқасында бұрғылаудың жылдамдығын екі есеге дейін қысқартудың мүмкіншілігі белгілі болды. Соған бәріміз көмектесіп бұрғылаудың жылдамдығының рекордын көрсетуге, Төкең тынбай жүгіріп жұмыстанды. Бірақ, өкінішке орай, бұрғылау инструментін ең соңғы сатысында көтеріп келе жатқанда трубалары кептеліске (прихват) ұшырап, скважинада апаттық жағдай орын алды. Бәрімізді, әсіресе Төкеңді, ол жағдай өте қатты қиналтып еді. Артынан талай рекордтар болды, талай жақсы скважиналар бұрғыланды, бірге талай геологиялық нәтижелерге қол жеткіздік, бірақ 34 скважинада кеткен өкініш көпке дейін ұмытылмай, Төкеңмен кездескенде еске алып тұратын, әңгімемізге арқау болып жүретіндей уақиға еді.

Төкең 1966 жылы Социалистік Еңбек Ері атағымен марапатталды, бұл кешегі Кеңестер Одағының дәуіріндегі алғы шептегі еңбек майданының қызметкеріне берілетін ең жоғарғы атақ болатын. Маңғыстау өңірінде көмірсутегін барлау мен өндіру жұмыстары басталғалы үкімет жағынан берілген ең жоғары атақты біздің ұжымның өкілі Төкең бірінші болып алғандығы бізді ерекше қуанышқа бөлеп, бәріміз өзімізді Социалистік Еңбек Еріндей санаған сезімде болдық, сөйтіп, ол атаққа бүкіл экспедиция болып қуандық. Төкең марқұм шын мәнінде батыр тұлғалы сол атаққа лайықты денесі де, мінезі де, істеген қызметтері де сай келетіндей адам еді.

Төкеңмен, Ғазекең екеуін бұрғышылар ретінде, тағы басқа да қасиеттерімен салыстыратын болсақ, тек екеуінің өздеріне ғана тән мінездемелері бар екендігін айтар едік. Төкеңде нағыз барлық бұрғышыларға тән айқай мінез болатын, ал Ғазекең ол жағынан қыз мінезді жігіт десе болғандай. Екеуіне бірдей мінездеме екеуінің де адамгершілік қасиеттері, үлкенді үлкендей, кішіні кішідей сыйлайтындықтары ортақ деп айтуға тұрарлық. Мен институт бітіріп келіп жас маман, артынан бас маман ретінде қызмет істеген

жылдарымда экспедицияда Төкең мен Ғазекеңнен басқа Қартбай Жалғасбаев, Тынышбай Опиев, Жұмажан Дәуітов, Көшербай Әлібаев деген бұрғышы шеберлермен жұмыстас болдым. Солармен қатар әлгі ақша қуып келген Гинзбургский, Алероев, Чертоев, Луковкин, Полицковой және басқа да бұрғышы шеберлері болды. Қазір, сол орысы мен қазағы, шешені, хохолы, еврейлер мен басқа да ұлт өкілдерінен құралған жұмыскерлермен бірге қызметтес болғанымызға біраз уақыт, 30-40 жыл өткенде, сондағы бітірген жұмыстарды, олармен арамыздағы қарым-қатынастарды сараптай отырып, сол мезгілдің жұмыс қатынастарына сын көзбен қарай келіп, бірталай ой түйіндерін айтарлықтай екенбіз. Жұмыскерлердің адамгершілік қасиеттері, тапсырылған жұмысқа жауапкершілігі, сол жұмыстарды орындау барысындағы көзқарастары олардың шыққан жері мен ұлты, яғни қайдан, қандай мақсатпен келді соның бәрі жоғарыда тізілген бұрғышы шеберлерінің мен түйіндеген өндірістегі мінездемелері арқылы бүгін бағаларын беретіндей екенбіз. Менің бүгін геолог ретінде сол бұрғышы шеберлерімен қызметтес болғандағы көргендерімді сараптай келе айтарым мыналар. Жауапты жұмыстарды, олардың ішінде барлау жұмыстарын келімсектерге (залетныйларға) сеніп тапсыруға болмайды. Мен Маңғыстауда өткізген өмірімнің көпшілігі, яғни барлығы дерлік барлау жұмыстарымен байланысты болды, сонда мен өзіміздің жігіттер басқаратын бригадаларға тапсырылған, соның ішінде Ғазекең мен Төкеңдер басқарған бригадалар, жұмыста ешқандай күмәнсіз шешімін табатын. Ал басқалар, яғни келімсектер (басқа ұлттың өкілдері) басқаратын бригадаларға орысшалап айтқанда «глаз да глаз» керек болатын.

Осы кітапқа сыйғызып отырған Маңғыстаудың үш бұрғышы батырларының екеуі әзір құдайға шүкір ортамызда, ал Төкең бұл дүниеден өтті. Үшеуінің өткізген өмірлері, бітірген жұмыстары,

халқы мен отанына сіңірген еңбектері қазіргі жастарға, алдымызда келетін басқа жастар легіне де тәлім-тәрбиелік мәні бар өнеге боларлықтай өмір екеніне толықтай сенім білдіруге болады. «Мұнайшы» қоғамдық қорының негізгі мақсаты да осында, яғни ардақты мұнайшы-ардагерлердің өмір тарихтарын зерттеп, зерделеп ардагерлер мен жастар арасына көпір болатындай мәселелерді тарту етіп, ардагерлердің қол жеткізген материалдық және адами байлықтарын паш ету. Егер оқырмандар осы кітаптан осындай ғибратты істердің ізгі нышанын сезсе, еңбегі елге белгілі қазақтың мұнай өндірісін алға сүйреген ардақты мұнайшысы Нәсіпқали Әбуғалиұлы Марабаевтың атын иеленіп отырған «Мұнайшы» қоғамдық қоры өзінің негізгі мақсатын орындады деп сенеміз.

*Сайлау Жылқайдаров*

**Н.Ә.Марабаев атындағы қоғамдық қордың  
Атқарушы директоры, геолог.**

# **Ғазиз ӘБДІРАЗАҚОВ**

## Бақ ЖҰЛДЫЗЫ

Ойпыр-ай, мұндай да өмір болады екен-ау! Ғазиз өз қатарлы балалардың өмірін тындап отырса қызығады, олардың өмірі біркелкі тыныш өтіп жатқанға ұқсайды, тұрмыс-тіршілігі келіңкірегенімен, тағдыры мүлде бөлек. Өзге балалар ел ішінде туылып, ел ішінде жайлы тірлікпен өсіп жатыр емес пе? Ал, Ғазиз болса аржағында қандай жағдайда туылғанын кім білсін, беріде көзін ашып, ес жиғалы көргені – көшпенді күйкі тіршілік. Қашан, қай жерде туылғанын берегіректе әркімдердің айтуынан, естігенінен ғана біледі. Әкесі Әбдіразақ шопан болыпты. «Чапаев» колхозы Құлсары мұнай кәсіпшілігіне жақын болатын. Әбдіразақ осы колхоздың малын бақты. Ес білісімен Ғазиз әкесіне жәрдемші, үй-ішіне қолғанат болды. Әке жанында мал соңына түскенде ол он жасында екен. Барып кел, шауып кел, қойды қайтар - мұның бәрі қолды-аяқтай балаға не тұрыпты. Жүрген жерін тасқабақтай қуырып, тындырып жасайды. Қайсыбір кезде малды өзі де бағыш жүреді. Жайылымның құйқалы, шөптің шүйгін жерін таниды. Қарақұмның қай қиырында, құм таулары ішінде қырдың асты мал тұяғы тимеген, қай малы қандай шөпті жерге тоқтап жайылады, жаңбырдан кейінгі сай-сала қуалап тау етегіне бөктерлей жайылған отар тез тойынып, ерте күйсейді, мұның бәрін біліп алған Ғазиз әкесі ауырып, не шаруаларымен жүріп қалған кездерінде мал соңында өзі жүре берер еді. Әкесі кідірмей асығып қайтып келген-



де алдындағы отарының тап өзі бардағыдай тұрақтап жайылып, тойынып жүргенінен көрер еді де баласының қолғанат болғанына марқайып қалар еді. Өзекке жайылып, өлең шөпке тоғайған малды бұйрат бойын бойлай келіп, ыстықтан шөліркеген отар енді бірде Жем өзеніне құлап, суға бас қойып жағалай шықпай жатып алар еді. Сонау Мұңалжар тауларынан бастау алған Жем суы жазда тасып, арнасынан асып төгіліп, жағалауды жарып кетіп, айналасы атшаптырым ойдым-ойдым жерлерде жарқыраған көл тұнып, қалың қамыс бітік шығып, үйрек-қаздың мекеніне айналған мың-сан қоғажай көлшіктерге мал кіріп кетсе шықпай қоятын. Мұндай кезде Ғазиз өзі де мұздай көл суына шомылып, рахаттанып, ыстықтың райы қайтқанша самалдап, ұлы бесін шамасында алдындағы малы қоғажайды тастап шыққанда отар соңына еріп қана отырар еді. Содан асықпай жайылған мал қараңғы түсе түнекке келіп күйіске түсер еді. Мал жайылымын таңдай білген баласына Әбдіразақ:

- Сен келіп жаным жайланды ғой, - деп отырар еді.

Бірақ, малмен бірге көшіп, қонып, ұшарын жел, қонарын сай білген жалғыз қараша үйдің тыныс-тіршілігі бала Ғазизге жанына жай, жағдайына күй бола қоймаған. Өзі қатар балалардың тыныс-тірлігі бөлек. Ел ішінде тұратын олардың өмірі Ғазиздің ішін пыстырғандай. Олар мектепке барады. Үстерінде үйлері бар. Көппен өткен өмірлері де көңілді сияқты. Ал, Ғазизде оның бірі де жоқ.

Колхозға сиректеу келгенінде Ғазиз көңілге мұң ұялатарлық бір жағдайға тап болады. Ауыл ішінде әр үйдің тұсынан өткен сайын бір мұңды сезінеді. Соғысқа кеткен азаматтарынан қайғылы хабар келіп, ауыл мұңға батып тұрады. Қайсыбір үйлерден әйелдердің зарлы үні естіледі. Таңның атысы, күннің батысы мұңға бөккен ауыл ішінде әлгі бір зарлы үн, жоқтау – ауада

қалқып тұрып қалғандай. Әншейін бір ағайынның үйіне бас сұға қалса да әлгіндегі қайғылы үн ішкен асын батырмай, естіген жанды өзімен бірге ілестіріп әкетіп бара жатқандай. Тұңғыыққа батырып бара жатқан мына қараша үй іші оған қараңғы көрдей әсер етеді. Мұндайда ол үйден тезірек сытылып шығуға асығады. Мұңға батқан ауылдың мына күйінен оған өзінің айдалада жалғыз өткен өмірі артық сияқты. Өйткені, онда мынадай еңсеңді басқан ауыр ойдан, зілді мұңнан аулақ жүресің. Нендей бір зілді ой, қайғы, мұң сенен аулақ. Мұнда тек қайрат-жігері енді тасып, болашағына батыл қадам баспақ болған өсіп келе жатқан балаң жігіттің көңіліне сағыныш ұялап, әлдеқайда алысқа қарай алып-ұшып тұратыны бар. Көңілге мұң ұялатар Чапаев колхозының қараша үйлерінен өзге күні көңілді, тіршілігі онды жер жоқ па екен? Ғазиздың жаны осындай жерді аңсайтындай. Ол соны іздегісі келеді.

Әбдіразақтың әзір бойында қайраты бар адам. Ғазиздың өзіне жәрдемші болғанын жақсы көргенімен, оның есейіп, өскелең жігіт боп келе жатқанын көріп, ендігі жерде ауыл-аймақтың назарына түскенін қалайды. Шүкір артында өсіп келе жатқан екі інісі бар. Ендігі жерде мал соңында Ғазиздың орнына Шәріп те жарайды. Ол да қазір он жаста. Ең кішісі Жақсыбай сегізде, үйде анасының жанында, үй шаруасына жарайтын боп қалған. Ендеше Ғазиз ел ішіне шығып, өзгеше бір тіршілікпен айналысса дейді. Өзі өмір бойына осы қой соңында келеді. Одан ұтқаны – бала-шағасына нәпақа тапқаны. Осы колхоздың қайсыбір балалары Құлсарыға барып, сонда әнебір аспанға шаншылып қалған қалың мұнаралар тоғайында тірлік жасап жатқан көрінеді.

Колхоздың азаматтарын түгелдей соғысқа алып кетті. Сонда шопан керек деп Әбдіразақты алмады. Әбдіразақ алдындағы малының етін, сүтін, жүнін тамшы қалдырмай колхозға өткізеді. Колхоз бәрін жиып-теріп майданға жібереді. Колхоз Әбдіразаққа

жоспар береді. Әбдіразақтың ол жоспарын орындамаған кезі болған емес. Сол кезде Ғазизының көмегі аз болған жоқ. Енді соғыс аяқталып, ауылдың есі кіріп, беті бері қарады. Колхоз да бұрынғы соғыс кезіндегідей емес, ет бер, жүн бер деп күнде шауып келіп тұрған жоқ. Малшыға аз да болса еркіндік бар. Ол да жеңілдік. Қазір Шәрібі қолғабысқа жарады. Өзі де қайраттан қала қойған жоқ. Ендеше, Ғазизының Құлсарыға барып өзгелер сияқты мұнай тірлігімен айналысқанын іштей мақұл көреді.

Әкесінің бұл ыңғайы Ғазизға қолдау болды. Осы колхоздың өзі құралыптас балалары Құлсарыға барып мұнайшы болып жүр. Сиректеу көріп қалса олардан қалай кіргенін, қандай тірлік екенін қадалып сұрайды. Олардың әңгімесіне қарағанда ол жұмыстар Ғазиздың да қолынан келетін сияқты. Бірақ іштей қаупі – мені ондай жұмысқа қабылдар ма екен дейді.

Бұл кезде он бес жастағы Ғазиз ақыры осыған бел буды да, көзді жұмыс ауылдан шықты. Бірақ, өмір ол күткендегі-дей емес-тұғын. Әлі балалығы мол аңқау көңіл бірден барып жұмысқа кіре қоймақ болған. Енді білсе қолдан келмес кедергі көп екен. Соның алғашқысы сопаң етіп алдынан шыға келді. Ол кедергі – алдымен оны жұмысқа алуға жасы жетпейтіндігі болды. Ауылдың бір таныс баласы оны алдымен өз жұмысына, бастығына апарып көрсеткен. Ол әлгі баланың тіке өзі қарайтын кішкентай бастық болып шықты. Ал, жұмысқа қабылдайтын үлкен бастықтар поселке ішінде орналасқан басқармада отыратын көрінеді. Онда барғанда үлкен бастығы кішендеу біреуіне жұмсайды. Айналадағыларының айтуларына қарағанда, осы бір кішкене қара көлеңкелеу бөлмеде отырған ағай жазып тіркеуге алатын болса керек. Олар айтқан тәртіптерге Ғазиз түсіне де бермейді. Орта жастардағы аға жігіт есіктен жасқана кірген бойы сорайған сопақ сары баланың алдымен не шаруамен келіп тұрғанын сұраған. Жұмыс жайын айтқанда: